

**Мәслихаттың 2020 жылғы 13 тамыздағы № 397 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Меңдіқара ауданы мәслихатының 2021 жылғы 19 сәуірдегі № 21 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 22 сәуірде № 9875 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Меңдіқара ауданы мәслихатының 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 89 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Меңдіқара ауданы мәслихатының 28.12.2023 № 89 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Меңдіқара аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2020 жылғы 13 тамыздағы № 397, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9380 болып тіркелген шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

7-тармақтың 7) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"7) Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, Жеңіс күніне орай, табыстарын есепке алмай, 1 000 000 (бір миллион) теңге мөлшерінде;"

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрайымы*

*Аудандық мәслихаттың хатшысы*

*Е. Комарова*

*Ж. Байбулатова*